

Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары мен мемлекеттік мекемелеріне бекітілген мүлікті есептен шығару тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Астана қаласы Әкімдігінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 3-1-1866қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департементінде 2004 жылғы 28 желтоқсанда N 366 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы N 06-178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 06.02.2012 N 06-178 қаулысымен (қаулының мемлекеттік тілдегі мәтіні РҚАО-ға түспеген).

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік кәсіпорын туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2009.12.21 № 16-1229қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған "Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары мен мемлекеттік мекемелеріне бекітілген мүлікті есептен шығару тәртібі туралы" Нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.С. Мамытбековке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

"Астана қаласының Қаржы департаменті" ММ-ның директоры

Әкім аппараты құжаттамалық сараптама бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы

Әкім аппараты экономикалық талдау және мониторинг бөлімінің меңгерушісі

**"Астана қаласының Коммуналдық
мүлік департаменті" ММ-ның директоры**

Астана қаласы әкімдігінің
2004 жылғы 1 желтоқсандағы
N 3 - 1 - 1866 қ қаулысымен
бекітілді

**Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары
мен мемлекеттік мекемелеріне бекітілген мүліктерді есептен
шығарудың тәртібі туралы
НҰСҚАУЛЫҚ
(бұдан әрі - Нұсқаулық)**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық табиғи және сапалық тозуының салдарынан, дүлей апаттар мен апаттардың нәтижесінде жарамсыздыққа жатқызылған, Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары мен мемлекеттік мекемелеріне бекітілген Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес азаматтық айналымнан алынған мүліктерден басқа мүліктерді есептен шығару тәртібін анықтайды.

2. Нұсқаулық Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерінің негізгі құрал-жабдықтарына (активтеріне) жататын мүліктерге таратылады.

3. Мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттік мекемелердің мүліктерін есептен шығаруға қажетті құжаттаманы ресімдеу, осы Нұсқаулықтың 8-тармағымен белгіленген талаптарды ескере отырып осы Нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес құрылған Комиссияның қорытындысының негізінде жүзеге асырылады.

4. Комиссия Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны немесе мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен құрылады.

Комиссияның құрамына міндетті түрде:

- 1) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары (Комиссияның төрағасы);
- 2) бас бухгалтер немесе оның орынбасары;
- 3) мүліктің сақталуына жауапкершілік жүктелген тұлғалар енгізіледі.

Мүліктердің жекелеген түрлерін есептен шығаруда Комиссия құрамына тиісті мамандар (сарапшылар) енгізіледі.

2. Мүліктерді есептен шығару тәртібі

5. Табиғи және сапалы тозудың салдарынан, қызметінің белгіленген мерзімдері өтелгеннен кейін, дүлей апаттар мен апаттардың нәтижесінде өндірістік мәнін толығымен жоғалтқан, егер оны қалпына келтіру экономикалық жағынан орынсыз немесе мүмкін емес болғанда, мүліктер коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің балансынан шығарылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың мүліктерін есептен шығару мемлекеттік басқару органмен келісу бойынша және коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті мемлекеттік органның жазбаша рұқсатынан кейін жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік орган болып табылатын Астана қаласының мемлекеттік мекемелерінің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекеме болып табылмайтын және Астана қаласының мемлекеттік мекемелерінің мүліктерін есептен шығару коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша жүзеге асырылады.

8. Комиссия есептен шығаруға жататын мүліктерді толық тексереді, ол кезде техникалық құжаттаманы, сонымен қатар бухгалтерлік есептің деректерін қолданады, оны қалпына келтіруге және одан әрі пайдалануға жарамсыздығын белгілейді, осы нұсқаулықтың 5-тармағында белгіленген, мүліктерді есептен шығару себептерін анықтайды, есептен шығарылатын мүліктердің жеке тораптарын, бөлшектерін, материалдарын пайдалану мүмкіндігін анықтайды, оларды бағалауды жүргізеді, оның уақытынан бұрын істен шыққанына кінәлі тұлғаларды анықтап акт жасайды. Комиссияның қызметі арнайы білімдерді қажет еткен жағдайда, оның құрамына тиісті мамандарды (сарапшыларды) енгізеді.

Есептен шығару актілері бекітілгенге дейін мүлікті ажырату мен бөлшектеуге рұқсат етілмейді.

Мүлікті жоюдан алынған барлық бөлшек, торап, қосалқы бөлшек, материал және өзге материалдық құндылықтар (бұдан әрі - материалдар) үш топқа бөлінеді:

Бірінші топ - тікелей тағайындалуы бойынша олардың болжамалы пайдалануының бағасы бойынша бухгалтерлік есептің тиісті шоттар кірісіне алынуға міндетті одан әрі қолдануға жарамды материалдар.

Екінші топ - қайталама шикізат ретінде (қара, түсті және асыл металдар, көнерген материалдар, отын және т.б.) кіріске алынатын тікелей қызметі бойынша одан әрі қолдануға жарамсыз материалдар.

Үшінші топ - одан әрі қолдануға жарамсыз материалдар. Осы топтың

материалдары жойылуға жатады, бұл туралы акт жасалады.

9. Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары мен мемлекеттік мекемелерінің мүліктерін есептен шығару осы Нұсқаулықтың 5-тармағында көрсетілген себептерге байланысты (ОС-3, ОС-3 бюджет, ОС-4, 443, 444) нысандарда белгіленген актілерімен үш данада ресімделеді.

10. Комиссия мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың және Астана қаласының мемлекеттік мекемелерінің мүліктерін есептен шығаруға үш данада жасаған актілері осы Нұсқаулықтың 6, 7-тармақтарына сәйкес мынадай құжаттармен қоса мемлекеттік басқару органына жолданады:

1) Комиссия хаттамасы;

2) апат болған жағдайда - тиісті лауазымды тұлға жасаған және бекіткен уақиға актісінің көшірмесі;

Мемлекеттік басқару органымен келісілген есептен шығару құжаттары жазбаша рұқсат алу үшін коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті мемлекеттік органға жолданады.

11. Мемлекеттік мекеменің немесе коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың мүлігін есептен шығару актілері келісілген жағдайда жоғарғы сол жақ бұрышта: "Келісілді" деген тиісті мемлекеттік басқару органның мөрімен бекітілген күні, басшының қолы қойылады.

Актінің бір данасы, комиссияның хаттамасы (уақиға актісінің көшірмесі) тиісті мемлекеттік басқару органында қалады: бір данасы - коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті мемлекеттік органға және "Келісілді" деген белгісі бар актінің бір данасы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын және/немесе мемлекеттік мекемеге қайтарылады.

12. Келісілмеген жағдайда, мүлікті есептен шығарудан бас тарту дәлелденуімен құжаттардың пакеті коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекеттік мекемеге қайтарылады.

3. Қорытынды ережелер

13. Мүліктерді есептен шығарудың қолданылып жүрген тәртібі бұзылған жағдайда бұған айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

14. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.